



**"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 143 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ӨКІМІ Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі  
N 537 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

"Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 537 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 18, 206-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген өкіммен белгіленген Республикалық бюджет комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Кармазина - Қазақстан Республикасы Экономика және  
Лена Мағауияқызы бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджет  
саясаты және жоспарлау департаментінің

директоры, хатшы

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Марат Әпсеметұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Меркель - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Иоган Давидович Сенаты Өңірлік және салалық даму  
комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Палымбетов - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Болат Әбілқасымұлы бюджеттік жоспарлау вице-министрі;

"Ахметов - Қазақстан Республикасының Премьер-  
Даниал Кенжетайұлы Министрі, төраға"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-

Кәрім Қажымқанұлы  
орынбасары";

Министрінің орынбасары, төрағаның

м ы н а :

"Коржова - Қазақстан Республикасының Экономика және  
Наталья Артемовна бюджеттік жоспарлау вице-министрі"

"Орынбаев - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Ербол Тұрмаханұлы Әкімшілік Әлеуметтік-экономикалық талдау  
бөлімінің меңгерушісі"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Наталья Артемовна министрі"

"Орынбаев - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Ербол Тұрмаханұлы Әкімшілігі Басшысының орынбасары>;

м ы н а :

"Мәсімов - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Кәрім Қажымқанұлы көмекшісі"

деген жол алынып тасталсын;

көрсетілген Комиссия құрамынан Ахметжан Смағұлұлы Есімов, Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев, Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов, Қайрат Медібайұлы Әйтекенов, Леонид Николаевич Бурлаков, Арман Ғалиасқарұлы Дунаев, Батырхан Арысбекұлы Исаев шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*